

**Сарқан ауданында интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы**

*Күшін жойған*

Алматы облысы Сарқан ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 27 наурыздағы N 126 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаменті Сарқан ауданының Әділет басқармасында 2012 жылы 18 сәуірде N 2-17-116 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Сарқан аудандық әкімдігінің 2016 жылғы 03 тамыздағы № 294 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Сарқан аудандық әкімдігінің  
03.08.2016 № 294 қаулысымен.  
Р Қ А О ескертпесі.**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 1-тармағының 13)-тармақшасына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 9-бабы 2-тармағының 4)-тармақшасына, 7-бабының 5-6) тармақшасына сәйкес, аудан әкімі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Меншік құқығына қарамастан, Сарқан ауданының ұйымдары мен мекемелерінде, интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарының жалпы санының бір процент мөлшерінде квота белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау (әлеуметтік саланың мәселелеріне) жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы Әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімінің  
міндетін атқарушы*

*А.С. Сәрсембаев*

*КЕЛІСІЛДІ:*

*"Сарқан ауданының жұмыспен  
қамту және әлеуметтік  
бағдарламалар бөлімі"  
мемлекеттік мекемесінің  
бастығы*

*Тертюбаев Оралбек Шабденұлы*

